Нег.кам.өнім Су	77	5662	30	13311 100	18973 100	Көбікті өнім Кам. өнім	11,5 65,5	846 4816	1974 11437	2820 16253	
Барлығы	77	5562	30	13411	19073	Барлығы	77	5662	13411	19073	
<b>БАҚЫЛАУ ФЛОТАЦИЯСЫ</b>											
Қалдық тазалау Су	I 42	3088	7819 1500	10907 1500		Концентрат Қалдық	12 30	882 2206	30 23	2058 7333	2940 9539
Барлығы	42	3088	9391	12479		Барлығы	42	3088	25	9391	12479
<b>I ТАЗАЛАУ</b>											
Концентрат Қалдық тазалау Су	II 14,1 9	1037 662	40 40	1556 1005 100	2593 1667 100	Концентрат Қалдық	13,5 9,6	993 706	44 34	1264 1397	2257 2103
Барлығы	23,1	1699	39	2661	4360	Барлығы	23,1	1699	39	2661	

1.10-кестенің жалғасы

Түседі						Шығады					
Өнімдердің атауы	Шығым, %	Қатты массасы, т/сағ	Қатты құрамы, %	Су массасы, %	Пулпа көлемі м <sup>3</sup> /сағ	Өнімдердің атауы	Шығым, %	Қатты массасы, т/сағ	Қатты құрамы, %	Су массасы, %	Пулпа көлемі м <sup>3</sup> /сағ
<b>II ТАЗАЛАУ</b>											
Концентрат Су	13,5	993	44	1264 100	2257 100	Концентрат Қалдық	8 9	331 662	48 40	359 1005	690 1667
Барлығы	13,5	993	42	1364	2357	Барлығы	13,5	993	42	1364	2357
<b>ҚОЙЫЛЫРУ</b>											
Концентрат Фильтрат	4,5	192	48	359 147	690 147	Концентрат Ағызынды	4,5	192	60	221 301	552 301
Барлығы	4,5	192	39	506	837	Барлығы	4,5	192	39	506	837
<b>СҮЗУ</b>											
Концентрат	4,5	192	60	221	552	Концентрат Фильтрат	4,5	192	85	58 163	389 163
Барлығы	4,5	192	60	221	552	Барлығы	4,5	192	60	221	552
<b>ҚОЙЫЛДЫРУ</b>											
Концентрат Фильтрат	8,0	352	48	381 163	733 163	Концентрат Ағызынды	8,0	352	60	235 309	587 309
Барлығы	8,0	352	39	896	896		8,0	352	39	544	896
<b>СҮЗУ</b>											
Концентрат	8,0	352	60	235	587	Концентрат Фильтрат	8,0	352	80	88 147	440 147
Барлығы	8,0	352	60	235	587	Барлығы	8,0	352	60	235	587



1.11 – кесте - Су тепе-тендігі

Түсетін		Шығатын	
Өнім аты	Су мөлшері т/тәулік	Өнім аты	Су мөлшері т/сағ
Бастапқы кенмен	387	Концентрат	359
I ұнтақтау	4381	Концентрат	259
I сұрыптау	6262		
II сұрыптау	6127	I негізгі флот. қалдық	11102
I нег.флот.	100	Бақ.фл.камер.өнімі	7333
II нег.флот	100		
Мысфлот.-Ітаз	100		
II бақылау фл.	1500		
флот.-III таз	100		
Барлығы	19057	Барлығы	19057

## 2 Негізгі жабдықтарды таңдау және есептеу

Байыту процесіне түсетін кеннің ақырғы ірілігі минерал сеппелілігінің ірілігімен және қолданылатын байыту әдісімен анықталады. Байыту алдында кен құрамындағы минералдар бір-бірінен барынша толықтай ажырағанға дейін майдалануы қажет. Сонда ғана пайдалы компоненттер минералдарын бос жыныс минералдарынан бөліп алуға болады. Бірақ майдалану процесі кезінде өте майда түйіршіктерінің барынша аз болуы, байыту процесінің тиімді жүруіне оң ықпал жасайды. Ұсату және ұнтақтау процестеріне кететін шығын барлық байыту процестеріне жұмсалатын шығынның 50 %-тейін құрайды. Сондықтан ұсату процесінде "артық ештеңе ұсатпау" принципінің маңызы зор. Сондықтан ұсату процесі бірнеше сатыда жүргізіледі және әр саты алдында ірілігі жағынан дайынкласты елеу арқылы бөліп тастап отырады. Ол энергия шығынын азайтады, ұсату тетіктері тозуын төмендетеді және ірілігі біркелкі өнім алуды қамтамасыз етеді.

Ұсату процесі әдетте үш сатыда жүргізіледі:

ірі ұсату 1200-300 мм;

орта ұсату 300-75 мм;

майда ұсату 75-15 мм.

Ұсатылған кен майда ұнтақтауға түседі. Ұнтақталған кеннің ірілігі -2 мм-ден 0,1 мм-ге дейін. Қолданылатын байыту әдісіне қарай кен онан да майда ұнтақталуы мүмкін.

Ұсатудың әр сатысы ұсату дәрежесімен (i) сипатталады. Ұсату дәрежесі деп, ұсатуға түсетін кеннің ең ірі кесегінің диаметрінің ( $D_{max}$ ), ұсатудан шыққан кеннің ең ірі кесегінің диаметріне ( $d_{max}$ ) қатынасын атайды. Олай болса, жоғарыда келтірілген

Ірі ұсату сатысына ұсатқыштар тандаймыз:

Ірілігі  $D_{MAX}=650$ мм болатын кенді ірі ұсату үшін ЩДП – 12x15жақты ұсатқышын алуға болады. Ұсатылған кен шығатын жырық мөлшерін төмендегідей формула арқылы есептеуге болады:

$$bp = b_{min} + \frac{\frac{Q_0}{0.85}}{(q_{MAX} - q_{MIN})} \frac{-k_T \times k_k \times k_\omega \times \delta \times q_{MIN}}{\times k_T \times k_k \times k_\omega \times \delta} \times (b_{max} - b_{min}),$$

Коэффициенттер мәнін анықтаймыз:

1)  $f=15$        $K_f=1,0$

2)  $W=5$        $K_w=1.0$

3)  $0.5 \times \beta = 0.5 \times 1200 = 600$      $\beta_0^{+600} = 10\%$      $K_k = 1,0$

$$bp = 110 + \frac{424 - 1 \times 1 \times 1,1 \times 1,6 \times 225330}{(335 - 225) \times 1,1 \times 1,1 \times 1,6} \times (190 - 110) = 123, \text{ мм}$$

Сонда  $b_p=b_n=150$ ,  $d_l=b_p \times z_l=150 \times 1,7=255$ , мм.

Ұсатқыш өнімділігі төмендегідей:

$$Q_c = k_k \times k_T \times k_\omega \times \left[ q_{\min} + \frac{q_{\max} - q_{\min}}{b_{\max} - b_{\min}} * (b_p - b_{\min}) \right] \times \delta, \text{Т/сағ}$$

$$Q_c = 1 \times 1 \times 1,1 \times \left[ 225 + \frac{335 - 225}{190 - 110} \times (150 - 110) \right] \times 1,6 = 493, \text{Т/сағ.}$$

$$K_3 = \frac{409}{493} = 0,83$$


Ұсатқыш саны:  $N=1$  дана.

Саты бойынша елеу тиімділігі:

Екінші саты үшін:  $E_{II}=80\%$ ;

Үшінші саты үшін:  $E_{III}=85\%$ .

Ұсатудың II-ші сатысы:



2.1 – сурет– II-ші ұсату сатысы.

Орта ұсату сатысына түсетін кенді ұсату үшін КСД-2200Гр ұсатқышын алуға болады.

Елеуіштен өткен класс мөлшері  $\beta_4^{-60}=30\%$ .

$$Q_5 = Q_1 \times \beta_4^{-60} \times E_{II} = 252 \times 0,3 \times 0,8 = 86,4 \text{Т/сағ,}$$

Ұсатқышқа түсетін кеннің массасы:

$$Q_3 = Q_1 - Q_2 = 252 - 86,4 = 173,6 \text{ Т/сағ,}$$

Ұсатқыш өнімділігі төмендегідей:


$$Q_c = k_k \times k_T \times k_\omega \times \left[ q_{\min} + \frac{q_{\max} - q_{\min}}{b_{\max} - b_{\min}} \times (b_p - b_{\min}) \right] \times \delta, \text{Т/сағ}$$

$$Q_c = 1 \times 1 \times 1 \times \left[ 360 + \frac{610 - 360}{60 - 30} \times (33 - 30) \right] \times 1.6 = 576 \text{ т/сағ.}$$

Ұсатқыштың пайдалау коэффициенті:

$$K_3 = \frac{173,6}{576} = 0,8$$

Ұсатқыш саны:  $N=1$  дана.



2.2–сурет– III-ші ұсату сатысы.

Ұсатудың III-сатысы:

Майда ұсату сатысына КИД-2200 ұсатқышын орнатамыз.

Ұсатқыш өнімділігі төмендегідей:

$$Q_c = k_T \times Q_n \times \delta_n, \text{ т/сағ}$$

Елеуіштен өткен класс мөлшері  $\beta_8^{-10} = 10\%$ .

$$Q_7 = Q_5 \times \beta_8^{-10} E_{III} = 329 \times 0,1 \times 0,85 = 30.5, \text{ т/сағ,}$$

Ұсатқышқа түсетін кеннің массасы:

$$Q_8 = Q_0 - Q_7 = 329 - 30.5 = 328, \text{ т/сағ,}$$

III-сатыдағы ұсатқыш өнімділігі:

$$Q_c = 328, \text{ т/сағ.}$$

Ұсатқыш өнімділігін есептеу:

$$Q_p = K_f \times Q_n \times \delta_n = 1 \times 150 \times 1,6 = 240,0, \text{ т/сағ}$$

Ұсатқыштың пайдалау коэффициенті:

$$K_3 = 0,84$$

Ұсатқыш саны

$$N = \frac{328}{240.0} = 1.37 \text{ немесе } 2 \text{ дана}$$

## 2.1–кесте-Есептеу нәтижелері

Көрсеткіштері	I саты	II саты	III саты
Ұсатқыштар түрі	ШДП 1200x1500	КСД	КИД
	1200x1500	2200 ГР	2200
Ұсатылатын дененің мөлшері		255	60
Кен шығатын жырықтың өзгеру аралығы	110-160	15-30	-
Кен түсетін жырық, мм	900	300	150
Ұсатылған кеннің ірілігі, мм	255	60	10
Пайдалану коэффициенті	0,70	0,82	0,84
Өнімділіктің ауытқу мөлшері, м <sup>3</sup> /с	330-480	180-360	-
Ұсатқыштар саны, дана	1	1	2

Конусты ұсатқыштың өнімділігі жақты ұсатқышпен салыстырғанда жоғары, себебі, кен шығатын тесіктің ені бірдей болғанмен, жақты ұсатқыштікімен салыстырғанда 2,5-3 еседей ұзын. Сондықтан, фабриканың өнімділігі жоғары болған жағдайда, ұсатудың бірінші сатысына конусты ұсатқыш қойылады. Ол тек қана біреу болу керек, өнімділігі 40-60 мың т/тәулік. Конусты ұсатқыштарда кен тек шаншу әсерімен емес, сондай-ақ майыстыру арқылы да ұсатылады, ұсату процесі үздіксіз жүретіндіктен электр энергиясының шығыны төмен. Ұсатылған кен кесектерінің ірілігі біркелкі және олардың пішіні де дұрыс, керісінше, жақты ұсатудан кейін кен құрамында жалпақ кесектер көп кездеседі.

Конусты ұсатқыштардың құрылымы өте күрделі, сондықтан оларды пайдалану және жөндеу жұмыстарын жүргізу қиындау болады. Олардың массасы жоғары болуымен қатар өте биік, осыған байланысты цех ғимараттарын биік салуға тура келеді.

Жақты ұсатқыштар жұмыс кезінде қатты дірілдейді. Сондықтан оларды өте мықты ірге тасқа орналастыруға тура келеді. Құрылымы жағынан жақты ұсатқыштар қарапайым және биіктігі жағынан көп орын алмайды. Жақты ұсатқыштарды сазды және тұтқырлығы жоғары кендерді ұсатқанда тиімді қолдануға болады. Мұндай кендерді конусты ұсатқыштарда өндегенде, олардың ұсату кеңістігі тығылып қалады. Жақты ұсатқыштардың қарапайымдылығына байланысты, олар өте арзан. Жақты ұсатқыштарды пайдалану және олардың подшипниктерін майлау конусты ұсатқыштармен салыстырғанда әлде қайда жеңіл. Кен шығару тесігінің мөлшерін реттеу оңай. Дегенмен, жақты ұсатқыштар үйінді кен астындағы режимде жұмыс істей алмайды. Сондықтан жақты ұсатқыш алдында міндетті түрде пластинкалы кен түсіргіш қою қажет. Жақты ұсатқыштардың қаптама плиталары конусты ұсатқыштарға қарағанда тез істен шығыш отырады. Ұсатқышты таңдап алардың алдында, олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін, сондай-ақ техника-экономикалық ерекшеліктерін салыстыра отырып, есептеу қажет.



Орта және майда ұсату конусты ұсатқыштардың ірі конусты ұсатқыштардан негізгі айырмашылығы, оларда қозғалмалы конусты іліп бекітетін траверсаның болмауы. Қозғалмалы конус шар пішінді тіреуішке немесе гидравликалық тетікке орнатылған. Сондықтан оларды кейде консалды валды ұсатқыштар деп те атайды.

Ұсату кеңістігінің пішініне және кен түсетін, кен шығатын тесіктерінің мөлшеріне қарай, олар орта ұсату үшін стандартты және майда ұсату үшін қысқа конусты ұсатқыштар болып бөлінеді. Осыған қарай КСД және КМД болып белгіленеді.

Кен қозғалмалы және қозғалмайтын конустар аралығындағы кеңістікте ұсатылады. Қозғалмалы конус үлкен жарты шар пішінді тіреуішке орнығып, төменгі жағы тіреуішке кіріп тұратын тік валға бекітілген.

Көлбей орнатылған қозғалмада конус тік валмен бірге эксцентрикті стакан арқылы қозғалады да, ал стакан, сынатаспалы беріліс арқылы айналатын конус ішіндегі беріліс көмегімен іске қосылады. Тік валдың төменгі шеті эксцентрикке еркін кіріп тұрады. Эксцентрик айналған кезде тік валдың осі, конустың бетінің жоғарғы және төменгі жағында екі ұшталған жазықтық құрайды. Осы кезде қозғалмалы конус қозғалмайтын конусқа жақындайды да, кенді ұсатады. Ұсатқыштың табандығы төменгі фланец арқылы іргетасқа бекітіледі, ал жоғарғы фланецке болаттан жасалған тіреуіш сақина орналастырылады, сақинаның ішкі бетінде трапеция пішінді тілінді бар. Сақина табандыққа серіппе кигізілген бұрандалармен бекітіледі. Ол серіппелер сақинаны жағалай орналастырылған және олар ұсатқышқа металл немесе басқа ұсатылмайтын заттар түскенде, оны сынудан сақтайды. Ондай заттар түсе қалған жағдайда тіреуіш сақина оймақпен бірге көтеріледі де, кен шығатын тесік кеңейіп, ұсатылмайтын зат сыртқа шығып кетеді. Тіреуіш ойығына оймақ бұрандалып бекітіледі. Оймақтың бұрандалу деңгейін өзгерте отырып, кен шығатын тесіктің мөлшерін реттеуге болады.

Кен ұсатқышқа кен түсетін тетік арқылы беріледі. Ол болат тіреуішке орнатылған кен қабылдайтын қораптан, экраннан және түтікшеден тұрады. Түтікше арқылы зат (кен) бөлгіш плитаға түседі. Кенді беру бағытына қарай, кен қабылдайтын қораптың орналасу жағдайын  $90^\circ$  сайын өзгертіп отыруға болады. Бөлгіш плита тік валдың жоғарғы жағында орналасқан және ол бастапқы заттың ұсатқыш кеңістігінде біркелкі бөлінуін реттеп отырады.

## 2.1 Елеу жабдықтары

Пайдалы қазбаларды байытуда қолданылатын елеуіштер құрылымы ең қарапайым түрлерінен бастап, өте күрделі құрылымға дейін болады. Барлық елеуіштерді төмендегідей түрлерге бөлуге болады:

- 1) қозғалмайтын колосникті;
- 2) жазықта тербелетін;
- 3) жартылай дірілді;

4)дірілді немесе өзін -өзі реттейтін екпінді;

5)барабанды;

6)валкты, т.б.

Ұсатудың II сатысына ГИТ-61 А елеуіші қолданылады. Оның елеу ауданы 8 м<sup>2</sup>. Елеуге қажетті ауданның мөлшерін төмендегідей формуламен есептейміз:

$$F = \frac{Q}{q \times \delta \times K \times L \times M \times N \times O \times P}, \text{ м}^2$$

мұндағы q - тордың 1 м<sup>2</sup> ауданының 1 сағат ішіндегі өнімділігі;

δ - кеннің үйінді салмағы, т/м<sup>3</sup>;

K,L,M,N,O,P- кеннің құрамындағы ұнтақты, ірілік, елеу тиімділігін, түйіршіктер пішінін, ылғалдылығын, елеу әдісін ескеретін коэффициенттер.

$$a_{II}=75 \text{ мм}$$

$$q=42+(55-42) \times (60-50)/(80-50)=46,34, \text{ т/м}^3 \times \text{сағ}$$

$$\beta_4^{+75}=70\%, L=1,55$$

$$60/2=30 \quad \beta_4^{-35}=10\%$$

$$K=0,5$$

$$E=80\% \quad M=1.35$$

$$N=O=P=1$$

$$F = \frac{360}{46,34 \times 1.65 \times 1,55 \times 0,5 \times 1.35 \times 1 \times 1 \times 1} = 6,17, \text{ м}^2$$

N=1 дана елек жеткілікті.

Майда ұсату процесі үшін қажетті елеуіш түрін және соның осы жолмен есептеп табамыз. Демек, КИД-2200 ұсатқышының алдында ГИТ-71Н қозғалмалы елеуіші қойылады.

$$a_{III}=10, \text{ мм}$$

$$q=21+(24.5-21)(15-12)/(16-12)=23.63, \text{ т/м}^3 \times \text{сағ}$$

$$\beta_8^{+10}=55\%, L=1,97$$

$$15/2=7.5 \quad \beta_8^{-6}=78\%$$

$$K=0,48$$

$$E=85\% \quad M=1.18$$

$$N=O=P=1$$

$$F = \frac{360}{23,63 \times 1.65 \times 1,18 \times 0,48 \times 1.97 \times 1 \times 1 \times 1} = 11,16, \text{ м}^2$$

N=1 дана елек жеткілікті

## 2.2-кесте - Есептеу нәтижелері

Көрсеткіштері	II саты	III саты
1. елеуіш түрі	ГИТ -61А	ГИТ-71 Н
2. елеуіш торының ауданы,м	8	12
3. тордың мөлшері,	2500*5000	2500*6000
4. елеуіш саны	1	1

### 2.2 Ұнтақтау жабдықтары

Байытуға түсетін кеннің физикалық және химиялық қасиеттерін ескеріп, қабылданған технологиялық схемаға сәйкес байытуға тор арқылы шығарылатын шарлы диірменді қолданған тиімді.

Өндірістік жағдайда диірменнің 40-45%-тей көлемі шарлармен және кенмен толтырылады. Мұндай жағдайда шарлар бірнеше қабатта қозғалады, оның әр қабатының өзінің радиусы және сызықтық жылдамдығы бар. Қозғалыс бағатының радиусы аз болған сайын, қозғалыс жылдамдығы да аз, сондықтан төменге жылжи түсіп кету мүмкіндігі жоғары. Диірменнің ішкі бетіне жақын орналасқан сыртқы қабаттағы шарлардың шеңберлі қозғалысының радиусы жоғары және олардың жалпы қосынды массасы кез келген ішкі қабаттағы шарлар массасынан артық. Осының нәтижесінде ол шарлардың ұнтақтау тиімділігі жоғары. Сыртқы қабаттағы шарлар үлкен жылдамдықпен қозғалады және кен кесектерін үлкен күшпен соғады. Ішкі қабаттағы шарлар аз радиуспен қозғалады, сондықтан олар кенді негізінен үйкеліс әсерімен ұнтақтайды.

Диірменнің айналу жылдамдығы аумалы жылдамдықтың 75~85%-дейіне тең болған жағдайда оның өнімділігі де және ұнтақтау тиімділігі де жоғары болады.

Егер диірменнің айналу жылдамдығы аумалы жылдамдықтан 25-30%-тей жоғары болса, онда жоғарғы қабаттағы шарлар кенді ұнтақтамайды, диірменнің ішкі бетін соққыдан қорғайтын қалқан тұрғыда болады. Бұл жағдайда диірменнің пайдалы көлемі кемиді де, өнімділігі күрт төмендейді, ал кен кесектері екінші қабаттағы және орталыққа жақын қабаттардағы шарлардың соғу әсерінен ұнтақталады. Бұл жағдайда диірменге салынатын шар мөлшері барынша көп болу керек, дегенмен, ол электр энергиясының шығынын көбейтеді. Диірменнің жоғарғы өнімділігін негізгі көрсеткіштер деп қарауға болмайды. Себебі, диірмен жұмысының тиімділігі 1 т кенді ұнтақтауға кеткен шығынмен есептеледі. Ол шығын негізінен жұмсалған электр энергиясының, ұнтақтағыш денелердің (шарлар, біліктер т.с.с.) және қаптаманың бағаларынан тұрады.

1 т кенді ұнтақтауға кететін энергияның мөлшері 10-15 кВт.ч шамасында, ол жалпы фабрика бойынша 1т кенге жұмсалатын шығынның 40-60 процентін құрайды. Мұндай шамадан тыс шығыны диірменнің және оған салынатын шарлардың салмағымен түсіндіруге болады.

Диірменге шар өте көп салынса, энергияның, ұнтақтағыш денелердің (шарлар, біліктер т.с.с.) шығыны күрт өседі, ал ұнтақтағыш денелер шамадан аз салынса диірменнің өнімділігі төмендейді, қаптама тез істен шығып, диірменнің ішкі беті нашарлайды. Диірменнің ең жоғарғы өнімділігін, оның 50%—тей көлемін шармен толтырғанда алуға болады. Шар мөлшерін көбейтсе, диірмен өнімділігі шектеулі бір мөлшерге дейін өседі, әрі қарай шар салынса, оның өнімділігі кеми бастайды. Шар мөлшерінің оңтайлы массасы диірменнің айналу жылдамдығы мен толу коэффициентіне байланысты.

Әдетте, салынған шардың деңгейі диірменнің орта белінен сәл төмен болу керек.

Диірменнің айналу жылдамдығы аумалы жылдамдықтың 75-88%-іне тең болса, ал салынатын шардың диірменнің 1 м<sup>3</sup> көлеміне 1700-1950 кг аралығында. Шардың тығыздығы 7900 кг/м<sup>3</sup>. Диірменнің айналу жылдамдығы өскен жағдайда шар мөлшері азаяды.

Диірменге салынатын шарлардың ең жоғарғы массасын Л.Б.Левенсон төмендегідей формуламен анықтауды ұсынады.

$$G = \varphi \mu \gamma \pi R^2 L$$

мұндағы  $v$  – диірменнің толу коэффициенті (0,4-ке дейін);

$\mu$  – қозғалмай тұрған диірмен ішіндегі, шарлардың тығыз массасының қопсу коэффициенті ( $\mu = 0,65$ );

$\gamma$  – ұнтақтағыш ортаның тығыздығы, кг/м<sup>3</sup>;

$R$  – диірменнің диаметрі, м;

$L$  – диірменнің ұзындығы, м.

$\varphi$ ,  $\beta$ ,  $\pi$  коэффициенттерінің мәнін орындарына қойып, төмендегідей формула алуға болады

$$G = 0,815 \gamma R^2 L.$$

Тығыздығы  $\gamma = 7900 \text{ кг/м}^3$  болатын болаттан жасалған шарлармен диірменнің 40%-тей ( $v=0,4$ ) көлемін толтырсақ

$$G = 0,4 \cdot 0,65 \cdot 7900 \cdot 3,14 R^2 L = 0,440 R^2 L, \text{ кг.}$$

Бұл формула диірменге салынған шар мөлшерін және оның оңтайлы жұмыс істеуін сипаттайды. Олай болса, ұнтақтау тиімділігі өте жоғары.

Формула, ұнтақтау негізінен сыртқы қабаттағы шарлардың соғу әсерімен жүргізіледі деген болжам арқылы қорытылып шығарылған. Ішкі қабаттағы шарлар кенді тек үйкеліс әсерімен ұнтақтайды. Бұл формула шар мөлшерін біршама көтеріңкі түрде сипаттайды.

В.А.Перов және В.Ю.Брандтың тұжырымы бойынша, шарлардың көлемдік массасы, болаттан жасалған шарлардың тығыздығына және диірмен

ішіне салынған диаметрі әртүрлі, еркін орналасқан шарлар арасындағы саңылау мөлшеріне байланысты. Егер болат шарлардың тығыздығы 7,5-7,8 т/м<sup>3</sup> және шарлар арасындағы бос кеңістер 38-48 % деп алынса, онда диірменге салынған шарлардың көлемдік массасы 4,35-4 т/м<sup>3</sup> шамасында.

Диаметрі  $D$  және ұзындығы  $L$  болатын диірменге салынған шарлардың массасын төмендегідей формула арқылы анықтауға болады:

$$G = 3,77 \varphi D^2 L, m.$$

Бұл формулада шарлардың үйінді салмағы 4800 кг/м<sup>3</sup>. Біліктер массасы төмендегідей формуламен анықталады:

$$G = 5,14 D^2 L$$

мұндағы  $\varphi$  – диірменнің толу коэффициенті;

$D$  – диірмен диаметрі, м;

$L$  – диірмен ұзындығы, м.

Бұл формулада біліктердің көлемдік массасы 6,5 т/м<sup>3</sup>, ал біліктер арасындағы бос кеңістіктер мөлшері 16,5%. Диірменнің жұмыс істеуіне қарай шарлар тозып, істен шыға бастайды, соған байланысты өнімділігі де азая түседі. Сондықтан, диірменнің дұрыс жұмыс істеуі үшін, шарлардың оңтайлы мөлшерін ұстап тұру қажет. Ол үшін диірменге жаңадан шарлар немесе біліктер салып отырады.

Диірменге тиелетін шарлардың диаметрі ұнтақталатын кен кесектерінің ірілігіне байланысты. Ірі кенді ұнтақтау үшін ірі шарлар қолданылуы қажет. Қазіргі кездегі қолданылып жүрген шарлардың ірілігі 40-125 мм аралығында.

Фабриканың сағаттық өнімділігін төмендегідей формуламен анықтаймыз:

$$Q_c = \frac{Q_{ж}}{340 \times 24} = \frac{2500000}{8160} = 306 \text{ т/сағ};$$

$$Q_0 = \frac{2500000}{340} = 7353 \text{ т/сағ}$$

$$Q_0 = \frac{7353}{3 \times 8 \times 0.75} = 322, \text{ т/сағ}$$

Диірменнің жобалық көлемін анықтаймыз:

$$V_{ид} = \frac{Q_0}{10} = \frac{322}{10} = 32.2 \text{ м}^3$$

Ұнтақтаудың бірінші және екінші сатыларында шарлы диірмен қолданылатындықтан жабдықтарды есептеу базықтық тиімділік бойынша жүргізген жөн.



Есептеу нәтижелері бойынша ұнтақтаудың I-сатысына да МШР-45х65V=86 м<sup>3</sup> диірмені, II-сатысына МШЦ 45х60 V=82 м<sup>3</sup> таңдалды.

Нақты мәліметтер бойынша диірменнің өнімділігін есептейміз. Базалық жағдайлардағы есептеулерде эталонды диірмен ретінде Жезқазған ТКК кен байыту фабрикасындағы шарлы диірмен қолданылады. Есептеу класы бойынша өнімділігі 1,03 т/м<sup>3</sup>сағ тең. Базалық жағдайда көрсетілген эталондық диірменнің өнімділігі мына формуламен анықталады:

Диірменнің үйінді тығыздығын есептеу:

$$q_{-74} = q_3 \times K_u \times K_k \times K_T \times K_D \times K_L \times K_\varphi \times K_\psi, \text{ т}/(\text{м}^3 \times \text{с})$$

мұндағы  $q_3$  – диірменнің дайын класс бойынша нақты өнімділігі, эталонды

диірмен бойынша;

$K_u$  – ұнтақтау коэффициенті;

$K_k$  – кен құрамындағы ксектер ірілігінің біркелкі еместігін ескеретін коэффициент;

$K_T$  – диірмен түрлерінің әртүрлілігін ескеретін коэффициент;

$K_D$  – диірмендердің (эталондық және қабылданған) диаметрінің әртүрлілігін ескеретін коэффициент;

$K_L, K_\varphi, K_\psi$  коэффициенттерін 1-ге тең деп аламыз

Байыту фабрикасының диірменінің өнімділігін есептеу үшін:

Ұнтақтау коэффициенттер  $K_u=1,0$

Ірілікті ескеретін коэффициент  $K_k=m_1/m_2=0,99/0,97=1,0$

$$K_d = \sqrt[4]{\frac{25}{d}} = \sqrt[4]{\frac{25}{25}} = 1.0$$

$$K_y = \frac{46}{y} = \frac{46}{46} = 1.0$$

$$K_\varphi = \frac{0.8}{\varphi} = \frac{0.8}{0.74} = 1.08$$

$$K_D = \sqrt{\frac{3}{D}} = \sqrt{\frac{3}{3}} = 1.0$$

$$q_{-74} = 1,03 \times 1 \times 1 \times 1,08 = 1,1 \text{ т}/\text{м}^3 \text{сағ}$$

1) Ұнтақтаудың I сатысын есептеу.

Диірменнің өнімділігін есептеу:

$$Q_p = \frac{q_{-74} \times V}{\beta_K^{-74} - \beta_H^{-74}}$$

мұнда,  $\beta_K^{-74}$  және  $\beta_H^{-74}$  – ұнтақтаудың бастапқы және ақырғы өніміндегі -0,074 мм класының мөлшері.

$$Q_p = \frac{q_{-74} \times V}{\beta_K^{-74} - \beta_H^{-74}} = \frac{1,3 \times 55}{0,50 - 0,08} = 170 \text{ т/сағ}$$

$$N = \frac{322}{170} = 2 \text{ дана}$$

Пайдалану коэффициенті:

$$K_3 = 322 / 2 \times 170 = 0,90$$

2) Ұнтақтаудың II сатысын есептеу.

Диірменнің өнімділігі:

Егер I сатыда шарлы диірмен орнатылған болса онда:

$$q_{-74}^{II} = 0,7 q_{-74}^I$$

$$Q_p = \frac{q_{-74}^I \times 0,7 \times V}{\beta_K^{-74} - \beta_H^{-74}} = \frac{1,1 \times 0,7 \times 82}{0,85 - 0,63} = 192,5 \text{ т/сағ}$$

Диірмен саны:

$$N = 322 / 192,5 = 2 \text{ дана}$$

Пайдалану коэффициенті:

$$K_3 = 322 / 2 \times 192,5 = 0,82$$

### 2.3- кесте-Диірмендердің көрсеткіштері

Көрсеткіштері	I саты	II саты
1) Диірмендердің түрлері	МШР	МШЦ
2) Ішкі диаметрі	40x50	45x60
3) Барабан ұзындығы, мм	4000	4000
4) Ішкі көлемі	5000	5000
5) Өнімділігі, т/сағ	86	82
6) Пайдалану коэффициенті	170	192,5
7) Шардың салмағы	0,90	0,9
8) Диірмендер саны, дана	177	177
	2	2

### 2.3 Сұрыптағыш жабдықтарын есептеу және таңдау

I саты үшін:

Қатты-719,4, т/сағ

Сұйық-433,47, т/сағ

Қосылған су- 324,47, т/сағ

Ағызындыдағы -0.074 кластың үлесі-63%  
Пульпа көлемін есептеу

$$V_{\Pi} = V_{\text{ж}} + V_{\text{ТВ}} = W_2 + L_{\Pi} + \frac{Q_2}{\delta_T} = 433,47 + 324,47 + \frac{719,4}{2,7} = 1024,39, \text{ м}^3/\text{сағ}$$

Гидроциклондағы қаттының үлесі

$$T_{\Pi} = \frac{Q_{\text{num}}}{Q_{\text{num}} + W_n + L} = \frac{719,4}{719,4 + 433,47 + 324,47} = 49\%$$

I секцияға пульпа көлемі

$$V_{\text{сек}} = V_{\Pi} / N = 1024,39 / 2 = 512,20 \text{ м}^3/\text{сағ}$$

Гироциклон ағызындысының номиналды ірілігі (63%)

$$R_{+74} = 100 - \beta_c^{-74} = 100 - 63 = 37\%$$

$$d_H = \frac{96.274}{2 - \lg R_{+74}} = \frac{96.274}{2 - \lg 37} = 218 \text{ мкм}$$

Ағызындының шекті ірілігі

$$d_r = d_H / 1.75 = 218 / 1,75 = 124,58 \text{ мкм}$$

$$D = 500; P_0 = 0.1$$

Гидроциклон көлемінің өнімділігі

$$V = 3 \times K_{\alpha} \times K_D \times d_n \times P_0 \times d_c$$

$$V = 3 \times 1 \times 0,88 \times 15 \times 30 \times 0,1^{0,5} = 197,3 \text{ м}^3/\text{сағ}$$

ГЦ-500 таңдалды.

Бірінші секцияға қажет ГЦсаны:

$$N = 512,2 / 197,3 = 3 \text{ дана}$$

II саты үшін:

Қатты-915,6, т/сағ

Сұйық-827,87, м<sup>3</sup>/сағ

Қосылған су- 547,43,м<sup>3</sup>/сағ

Ағызындыдағы -0.074 кластың үлесі-85%

Пульпа көлемін есептеу

$$V_{\Pi} = W_2 + L_{\Pi} + \frac{Q_2}{\delta_T} = 827,87 + 547,43 + (915,6/2,7) = 1714,42, \text{ м}^3/\text{сағ}$$

Гидроциклондағы қаттының үлесі

$$T_{\Pi} = \frac{Q_{num}}{Q_{num} + W_n + L}, \%$$

$$T_{\Pi} = \frac{915,6}{915,6 + 827,87 + 547,43} = 40$$

$$V_{сек} = 857,21, \text{ м}^3/\text{сағ}$$

$$R_{+74} = 100 - 85 = 15\%$$

$$d_H = \frac{96.274}{2 - \lg R_{+74}} = \frac{96.274}{2 - \lg 15} = 117 \text{ мкм}$$

$$d_r = 117/1,75 = 67 \text{ мкм}$$

$$D = 360; P_0 = 0.25$$

Гидроциклон көлемінің өнімділігі

$$V = 3 \times 1 \times 1,06 \times 9 \times 11,5 \times 0,25^{0,5} = 164,6, \text{ м}^3/\text{сағ}$$

ГЦ-360 таңдалды.

Бірінші секцияға қажет ГЦ саны:

$$N = 857,21/164,6 = 6 \text{ дана}$$

2.4-кесте- Гидроциклон көрсеткіштері

Көрсеткіштері	I саты	II саты
1) Гидроциклон түрі	ГЦ-500	ГЦ-360
2) Гидроциклон саны	3	6

## 2.4 Байытуға арналған жабдықтарды таңдау және есептеу

Флотациялау машиналарының өнімділіктерінегізінде үш фактормен анықталады. Оларға жататындар: камераның (ваннаның) көлемі, флотациялау уақыты (ол кеннің қасиетіне байланысты тәжірибе жүргізу арқылы анықталады) және пульпа ішіндегі ауаның көлемімен оның бөлшектену дәрежесі. Іс жүзінде әр қазба түрін байытуда машиналардың ең тиімді типін тәжірибе жүргізу арқылы таңдауға болады. Камералардың белгілі бір операция жүргізуге қажетті саны төменгі формуламен анықталады:

$$\dot{i} = \frac{V_n \cdot t}{1440 \cdot V_k \cdot K}$$

мұндағы  $V_n$  – пульпаның көлемі, м<sup>3</sup>/тәулік;

$V_k$  – таңдалып алынған камера көлемі, м<sup>3</sup>;

$t$  – флотациялау уақыты, мин;

$K$  – камераның пульпаға толу дәрежесі (0,7 – 0,8).

Ванналы пневматикалық машиналар қолданылғанда олардың ваннасының ұзындығы есептеледі:

$$L = \frac{V_n \cdot t}{1440 \cdot S \cdot K}$$

мұндағы  $S$  – ваннаның негізгі мыс флотациясы үшін флотомашинаны есептейміз.

Әр секция үшін қажетті камера саны мына формуламен анықталады:

$$n = \frac{V \cdot t}{1440 \cdot v_k \cdot K}$$

Мұндағы  $V$  – пульпаның тәуліктік көлемі, м<sup>3</sup>/тәулік

$T$  – флотация уақыты, мин

$v_k$  – 1 камераның геометриялық көлемі, м<sup>3</sup>

$K$  – пайдалану коэффициенті

I негізгі мыс флотациясы үшін

$$n = \frac{19980 \times 20}{1440 \times 12.5 \times 0.8} = 28, \text{ дана}$$

I негізгі мыс флотациясы үшін

$$n = \frac{15508 \times 20}{1440 \times 12.5 \times 0.8} = 22, \text{ дана}$$

Бақылау флотациясы үшін

$$n = \frac{10505 \times 15}{1440 \times 12.5 \times 0.8} = 12$$

I мыс тазалау флотациясы үшін

$$n = \frac{10903 \times 10}{1440 \times 6.3 \times 0.8} = 16, \text{ дана}$$

II мыс тазалау флотациясы үшін

$$n = \frac{3290 \times 8}{1440 \times 6.3 \times 0.8} = 4, \text{ дана}$$

III мыс тазалау флотациясы үшін

$$n = \frac{1732 \times 6}{1440 \times 6.3 \times 0.8} = 2, \text{ дана}$$

Осындай жолмен мырыш флотациясындағы флотомашиналарды есептейміз. Қабылданған флотомашиналарды жинақы кестеге енгіземіз.

#### 2.5-Кесте-Флотомашиналардың жинақы кестесі

Операциялардың атауы	Флотомашиналар түрлері	Камера көлемі	Флотация уақыты	Камера саны
Негізгі мыс флотомашинасы	ФПМ-12.5	12.5	20	40
Бақылау Cu флотомашинасы	ФПМ12.5	6.3	15	12
I-мыс тазалау флотомашинасы	ФМ-6.25	6.25	10	12
II-мыс тазалау флотомашинасы	ФМ-6.25	6.25	8	4
III-мыс тазалау флотомашинасы	ФМ-6.25	6.25	6	2
Негізгі мырыш флотомашинасы	ФПМ-12.5	12.5	20	29
Бақылау Zn флотомашинасы	ФПМ-12.5	12.5	15	9
I-мырыш тазалау флотомашинасы	ФМ-6.25	6.25	10	8
II-мырыш тазалау флотомашинасы	ФМ-6.25	6.25	8	3
III-мырыш тазалау флотомашинасы	ФМ-6.25	6.25	6	2

## 2.5 Сусыздандыру жабдықтарын таңдау және есептеу

1) Си концентратын қойылдыратын қойылдырғышты есептеу

$$F=f \cdot Q \text{ м}^2$$

мұндағы  $f$  – үлесті қойылдыру ауданы

$Q$  – қойылтқышқа түсетін қатты зат мөлшері

$$F=24 \cdot 1,5=48.4 \text{ м}^2$$

Ц-12 қойылтқышы 1-дана

Сүзу деп қатты заттан суды ұсақ саңлаулы (кеуекті) қалқадан өткізу арқылы бөлуді атайды. Бөлініп алынған су фильтрат деп, қалқа бетіне қалған зат кек деп атайды. Сүзуге қолданылатын аппараттарды сүзгіштер деп атайды. Байыту фабрикаларында барабанды, дискалы және сирек ленталы вакуум-сүзгіштер қолданылады. Артық қысыммен істейтін сүзгіштер пресс-сүзгіштер деп аталады.

Дипломдық жобада қолданылып отырған сүзгіш Барабанды вакуум-сүзгіш, ол сыртқы сүзу бетті болып келеді және ванна, араластырғышпен барабаннан тұрады.

2) Сүзгішті таңдау және есептеу.

$$F=Q/q, \text{ м}^2$$

Си концентратын сүзу үшін:

$$Q=24 \text{ м}^2$$

$$q=0,1-0,2$$

$$F=24/0,2=120 \text{ м}^2$$

K1-60/8001У-11-42 типті фильтр пресснемесе пресс-сүзгіштер таңдалады.  
N=2 дана

## 2.6 Қосалқы жабдықтарды есептеу және таңдау


### 2.6.1 Ленталы конвейерді есептеу

а) ленталы конвейер

конвейердің жалпы ұзындығы 60 м;

конвейердің көлбеу бұрышы  $18^\circ$ ;





2.1-сурет - Ленталы конвейер

### 1 Ленталық конвейердің есебі.

№ 1 ленталы конвейері ірі ұсатылған кенді орта және майда ұсату корпусына тасымалдау үшін қолданылады.

Ленталық конвейердің қажетті ені:

$$B = 1.1 \left( \sqrt{\frac{a}{k_0 \times C \times \mathcal{G} \times \gamma_n}} + 0.95 \right)$$

мұндағы  $C$  - конвейерлердің көлбеу бұрышын ескеретін коэффициенті.

$$B = 1.1 \left( \sqrt{\frac{285}{560 \times 0.81 \times 1.5 \times 1.5}} + 0.95 \right) = 1.2$$

Есептеуден алынған ленталы конвейердің енін ірілеу кесектерді тасымалдауға тексереміз.

$$B \geq 2 d_{\max} + 200 \text{ мм} = 2 \times 700 + 200 = 1600 \text{ мм}$$

Конвейерді қозғалысқа келтіретін қозғалтқыш  $P$  қуаты.

$$P = 0,0001 \times K_1 \times K_2 \times K_3 \times K_4 \times L (K_0 \times v + 1,2 \pm \sin \beta)$$

мұндағы  $K_1$  - қозғалтқыш қуатының коэффициенті;

$K_2$  - конвейердің ұзындығын ескеретін коэффициенті;

$K_3$  - конвейерлердің бұрылыстарын ескеретін коэффициенті;  $K_4$

$K_0$  - лентаның енін ескеретін коэффициенті.

$$P = 0,0001 \times 1,15 \times 1,02 \times 1,1 \times 1,1 \times 35 (580 \times 1,5 + 1,2 + 0,27) = 22 \text{ кВт}$$

Жүргізуші барабанның диаметрі:

$$D = (125 \div 150) i = (125 \div 150) 6 = 750 \div 900 \text{ мм}$$

$D=800$  қабылданады, бірақ прокладоктың ( $i$ ) саны 6-дан аспауы керек.

Каталог бойынша  $B=1200$ ,  $L = 35$  м,  $D=800$ ;  $i=6$  конвейері қабылданады.

Қозғалтқыштың типі 4A225M893, оның қуаты 30 кВт.

Осы жолмен қалған басқа конвейерлер есептелінеді, оның басқа нәтижелері кестеде берілген.

## 2.6- кесте- Тағайындалған конвейерлердің размері

Жабдықтар аты	Қажетті өнімділік, т/сағ	Лентаның ені, мм	Саны, Дана	Қозғалтқыштың қуаты	Конвейердің ұзындығы, м
№ 1 конвейер	329	1200	1	30	35
№ 2 конвейер	423	800	1	22	25
№ 3 конвейер	423	800	1	22	12
№ 4 конвейер	329	1200	1	30	25
№ 5 конвейер	444	1200	1	30	85
№ 6 конвейер	444	1200	1	30	90
№ 7 конвейер	130	650	8	16	16
№ 8 конвейер	62	650	2	16	26
№ 9 конвейер	258	800	2	16	12
№ 10 конвейер	124	800	1	22	50

### 2.6.2 Ленталық конвейерлердің қолданылатын жері

№ 1 конвейер – ірі ұсатылған кенді орта және майда ұсату корпусының бункеріне тасымалдайды.

№ 2 конвейер - ұсатылған кенді бас корпусының бункеріне тасымалдайды.

№ 5 конвейер – бас корпустың бункерінің үстіндегі кен түсіргіш арбамен Б – 120 125 кенді бункерге біркелкі жаю үшін қолданылады.

№ 7 конвейер – 9-шы конвейерге кен түсіреді.

№ 8 конвейер – электр сүзгіштерден және циклондардан түскен өнімді 12-ші конвейерге тасымалдайды.

№ 9 конвейер – диірмендерге кен түсіреді.

№ 10 конвейер – дайын тауарлық концентратты концентрат сақтау қоймасына тасымалдайды.

### 2.6.3 Насостарды таңдау және есептеу

Насостардың пульпа бойынша өнімділігі төмендегідей формуламен есептеледі:

$$V_{H_2O} = V_n \times (1 + T_n), \text{ м}^3/\text{сағ}$$

мұндағы  $V_{H_2O}$  – насостардың су бойынша көлемді өнімділігі,  $\text{м}^3/\text{сағ}$ ;

$V_n$  – насостардың пульпа бойынша көлемді өнімділігі,  $\text{м}^3/\text{сағ}$ ;

$T_n$  – пульпадағы қатты зат мөлшері.

Диірмендерден шыққан пульпаны гидроциклонға айдау үшін қолданылатын насостарды таңдау және оны есептеу

1) I Сұрыптау құмын I диірменге айдау үшін

$$V_{\text{п}} = 276,14 \text{ м}^3/\text{сағ} ; T_{\text{п}} = 75 \%$$

$$V_{\text{H}_2\text{O}} = 276,14 ( 1 + 0,75 ) = 483,25, \text{ м}^3/\text{сағ}$$

$$483,25/4=120,82, \text{ м}^3/\text{сағ}$$

Қолдануға ПБА-140/27,5 насостары орнатылады. Оның 2 насосы жұмыс істеп тұрғанда 2 насосы резервте тұрады.

2) I диірмен ағызындысын I сұрыптауға айдау:

$$V_{\text{п}} = 506,25 \text{ м}^3/\text{сағ} ; T_{\text{п}} = 49 \%$$

$$V_{\text{H}_2\text{O}} = 506,25 ( 1 + 0,49 ) = 754,32, \text{ м}^3/\text{сағ}$$

$$754,32/2=377,15, \text{ м}^3/\text{сағ}$$

3) II диірмен ағызындысын II сұрыптауға айдау:

$$V_{\text{п}} = 610,40 \text{ м}^3/\text{сағ} ; T_{\text{п}} = 40 \%$$

$$V_{\text{H}_2\text{O}} = 610,40 ( 1 + 0,4 ) = 854,56, \text{ м}^3/\text{сағ}$$

$$854,56/2=427,28, \text{ м}^3/\text{сағ}$$

Қолдануға ГРА-900/67 насостары орнатылады. Оның 2 насосы жұмыс істеп тұрғанда 2 насосы резервте тұрады.

Нәтижелері 6.7-кестеде келтірілген.

6.7 –кесте-Насостарды есептеудің нәтижелер

Насоспен қайтарылатын өнімдердің атауы .	Қажетті өнімділік, м <sup>3</sup> /сағ	Насос түрі	Саны		Есепті өнімділігі , м <sup>3</sup> /сағ
			жұмыс істеп тұр.	резервте	
I сұрыптау құмын 1-ші ұнт.сатысына	276,14	ПБА-140/27,5	2	2	483,25
1-ші диірменнің ағызындысын 1-ші ГЦ-ға	506,25	ГРА-900/67	2	2	754,32
II ұнт.сатысынан шық.өнімді ГЦ-ға	610,40	ГРА-900/67	2	2	854,56

## 2.6.4 Жөндеу жұмыстары

Фабриканың ірі цехтарының жабдықтары кестеге сәйкес жөндеуден өтіп тұрады.

- ұсату цехы;
- сусыздандыру цехы;
- бас корпуста диірменнің қаптамасын ауыстыратын, шарларды сұрыптайтын алаң қарастырылған.
- арнаулы алаңда байыту жабдықтарын жөндейтін орын бар.
- Фабрикада алдын ала жөндеу белгіленген кесте арқылы іске асып отырады.

- жылына бір рет отыз алты сағат ішінде ұсату жабдықтарын жөндеу.
- алты айда бір рет он алты сағат ішінде ұнтақтау және байыту жабдықтарын жөндеу.

Ұсатқыштарға жөндеу (күрделі) 4 жылда бір рет жүргізіледі. Цех 48 сағатқа тоқтатылады. Қабылдағыштар бес жылда бір рет күрделі жөндеуге тоқтатылады. Жөндеу жұмыстары қырық сегіз сағат жүргізіледі.

Сонымен қатар, электрожабдықтарды, құбыр жүйелерін т.б. қосалқы қондырғыларды алдын ала жөндеуін өткізіп тұру үшін байыту фабрикасын жылына бір рет 8 сағатқа толық тоқтайды.

### **2.6.5 Сынама алу және бақылау**

Фабрикада шикізаттың және байыту өнімдерінің сапасын тексеру қарастырылған. Ұсатылған кеннен сынама алу сменасына бір рет жүргізіледі. Бас корпуста ұнтақтау дәрежесін тексеру үшін және химиялық талдау үшін он бес минут сайын сынама алынып тұрады. Ол үшін автоматтандырылған сынама алғыш қолданылады. Сағаттық сынамалар фабрикада өнделіп, нәтижелері технологиялық процестерді реттеп отыру үшін қолданылады. Сынамалар: сменалық, тәуліктік және айлық орталық лабараторияға жөнелтіледі. Ол нәтижелер арқылы металдар тепе-теңдігі жасалынып, фабриканың жұмыс істеу көрсеткіштері анықталынады. Ұнтақтауға түсетін кеннің мөлшерін және диірменнің ленталық транспортерге орнатылған таразы арқылы анықтап отырады. Сменалық және тәуліктік металл тепе-теңдігін байыту фабрикасының мамандары жасайды, ал айлық технологиялық және тауарлық металл тепе-теңдігін комбинаттың технологиялық бақылау бөлімінің (ТББ) мамандары есептейді. Мұнда міндетті түрде металдың механикалық шығындары ескеріледі. Концентраттың және кеннің қалдықтарын комбинат маркшейдерлері анықтайды.

## **ҚОРЫТЫНДЫ**

Жоба бойынша берілген тапсырмаға сәйкес берілген бастапқы шикізат-ты байытуға флотацияның байыту фабрикасы жобаланды. Жобада кенді байытуға дайындау процестері (ұсату және ұнтақтау) және негізгі байыту процесі қабылданды. Технологиялық сұлбаларды таңдау және оларды есептеу жолдары қарастырылды Сондай-ақ су-шламдық сұлбаны есептеу жүргізілді.

Алынған өнімдердің металдар теңдігі құрастырылды. Технологиялық байыту сұлбасын іске асыруға қажетті технологиялық құрал-жабдықтар таңдалынып есептелінді.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Абрамов А.А. Технология переработки и обогащения руд цветных металлов // Учебник. – Москва, 2013. – С. 450
2. Көшербаев Қ.Т. Кен байыту негіздері // Оқулық. – Алматы, 2011. – 304 б.
3. Көшербаев Қ.Т. Флотациялық байыту негіздері // Оқулық. – Алматы, 2011. – 350 б.
4. Шаутенов М.Р. Гравитациялық байыту әдістері // Оқулық. – Алматы, 2016. – 197 б.
5. Морозов Ю. П. Проектирование обогатительных фабрик // Часть 1. – Состав проекта и порядок проектирования. – Екатеринбург, 2009. – с. 400
6. Морозов Ю.П. Проектирование обогатительных фабрик // Часть 2. // Выбор и расчет технологического оборудования. – Екатеринбург, 2014. – с. 450
7. Справочник по обогащению руд // Том I. – Подготовительные процессы. – Москва, 1972. – с. 448
8. Сажин Ю.Г. Расчеты схем рудоподготовки и выбор оборудования для дробления, грохочения, измельчения и классификация // Учеб.пособие. – Алматы, 2005. – с. 177
9. Справочник по обогащению руд // Том II. – Основные процессы. – Москва, 1974. – с. 436
10. Сажин Ю.Г., Ревазашвили Б.И. Расчеты схем рудоподготовки и выбор дробильно-измельчительного оборудования // Учебное пособие. – Алматы, 1985. – с. 40
11. Сажин Ю.Г. Выбор и технологический расчет оборудования для классификации и перекачки пульпы // Методические указания. – Алматы, 1989. – с. 60
12. Сажин Ю.Г. Расчет хвостового хозяйства обогатительных и золотоизвлекательных фабрик // Методические указания. – Алматы, 1989. – с. 63